УДК 902.01.03
МРНТИ 03.41.91
https://doi.org/10.52967/3007-6528.2024.2.78.99

Көне түрік «Номгон-2» ұрыптық кешеніндегі балбалдағы қаған таңбалары

© 2024 ж. Базылхан Н., Энхтөр А.

Keywords: *Turkıc archaeology, funeral complexes of Nomgon, Kutlyk-Khagan, bitiktas-stele with inscriptions, text, Khagan tamga symbols, balbals*
Түйін сөздер: *Түрік археологиясы, Номгон ұрыптық кешендері, Құтлық қаған, бітіктас, мәтін, қаған таңбалары, балбалдар*
Ключевые слова: *Тюркская археология, поминальные комплексы Номгон, Кутлык-каган, битиктас-стела с надписями, текст, каганская тамга-символика, балбалы*

N. Bazylkhan[1]* and E. Altangerel[2]
[1]Turkic Academy, Astana, Kazakhstan
[2]Institute of Archaeology, Ulaanbaatar, Mongolia
**Corresponding author*

Khagan tamga-symbols on the balbals in the Ancient Turkic complex “Nomgon-2”

In 2023, during archaeological excavations conducted at the memorial complex “Nomgon-2” in the middle and eastern sectors, a joint expedition of the Turkic Academy (Kazakhstan) and the Institute of Archaeology of Mongolia discovered parts of the head of a stone sculpture-bediz, ceramic fragments, and structural components of the complex. The khagan dynastic tamgas “eshir” (“ashina”) and other tamgas were carved on 11 balbals. A new reconstruction drawing has been created based on the overall structure and components of the complex.
Source of funding: Turkic Academy and Institute of Archeology of the Academy of Sciences of Mongolia, joint archaeological expedition “Nomgon”.
Citation: Bazylkhan, N., Altangerel, E. 2024. Khagan tamga-symbols on the balbals in the Ancient Turkic complex “Nomgon-2”. *Margulan readings–2024.* In 2 vol. Vol. 2. Pp. 78–99.

Н. Базылхан[1]*, Э. Алтангэрэл[2]
[1]Түркі академиясы, Астана қ., Қазақстан
[2]Археология институты, Ұланбатыр қ., Моңғолия
**корреспондент авторы*

Көне түрік «Номгон-2» ұрыптық кешеніндегі балбалдағы қаған таңбалары

Түркі академиясы және Моңғолия Археология институтының бірлескен экспедициясының 2023 жылы «Номгон-2» ұрыптық кешенінде жүргізген археологиялық қазба жұмыстары барысында кешеннің ортаңғы, шығыс секторларынан бәдіздердің бас бөліктері, кешен құрылысының керамика сынықтары табылды. 11 балбалға «ешір» («ашина») қаған әулетінің таңбасы және басқа да таңбалар қашалғандығы анықталды. Кешеннің жалпы құрылымы мен құрамдас бөліктеріне негізделген реконструкция сызбасы қайта жасалды.
Қаржыландыру көзі: Түркі академиясы және Моңғолия Ғылым академиясының Археология институты, «Номгон» бірлескен археологиялық экспедициясы.
Сілтеме: Базылхан Н., Алтангэрэл Э. 2024. Көне түрік «Номгон-2» ұрыптық кешеніндегі балбалдағы қаған таңбалары. *Марғұлан оқулары–2024.* 2 том. 2-т. 78–99-бб.

Н. Базылхан[1]*, Э. Алтангэрэл[2]
[1]Тюркская академия, г. Астана, Казахстан
[2]Институт археологии, г. Улан-Батор, Монголия
**автор-корреспондент*

Каганские тамги-символы на балбалах в древнетюркском комплексе «Номгон-2»

В 2023 году в ходе археологических раскопок, проводимых на поминальном комплексе «Номгон-2», в среднем и восточном секторах, совместной экспедицией Тюркской академии (Казахстан) и Института археологии Монголии обнаружены части головы каменного изваянии-бедиза, керамические фрагменты конструкции комплекса. На 11 балбалах были вырезаны каганской династийные тамги «эшир» («ашина») и другие тамги. Вновь создан чертеж реконструкции на основе общей структуры и компонентов комплекса.
Источник финансирования: Тюркская Академия и Институт археологии АН Монголии, совместная археологическая эскпедиция «Номгон».
Цитирование: Базылхан, Н., Алтангэрэл, Э. 2024. Каганские тамги-символы на балбалах в древнетюркском комплексе «Номгон-2». *Маргулановские чтения–2024.* В 2-х т. Т. 2. С. 78–99.

Кіріспе

Түркі академиясы және Моңғолия Археология институтының бірлескен экспедициясы 2019 және 2022 жылдары Моңғолияның Архангай аймағы Хашаат сұмыны Номгон алқабындағы көне түрік дәуірінің «Номгон-2» ұрыптық кешенінде қазба жұмыстарын жүргізеді. Қазба жұмыстары барысында осы кешен Түрік қағандығын жаңғыртушысы Құтлұқ қаған яғни 682–692 жылдары билік құрған Елтеріс қағанға, әйгілі Білге қаған мен Күлтегіннің әкесіне арналғандығын анықтаған еді. 2023 жылы қазба барысында анықталынған балбалдардан яғни 11 балбалда «ешір» («ашина») қаған әулеті және басқа таңбалар қашалғандығы жаңадан табылды [Энхтөр және т.б. 2002]. Бұл Түрік қағандығының билеуші әулетінің таңбалары балбалдарда тізбектеліп, анықталынып тұрған ірі кешендердің бірі деп санаймыз.

Мақсаты мен міндеті. Бірлескен экспедиция «Номгон-2» кешеніндегі археологиялық қазба зерттеулері барысында анықталған олжаларды, сирек материалдарды сараптау, кешеннің құрылымы мен құрамдас бөліктерін анықтау, сипаттамаларын жасау, хронологиялық мерзімдерін анықтау, ғылыми басылымдарға жариялау жоспарланған.

«Номгон» ұрыптық кешендерін ғылыми зерттеу жұмыстары жақын арада салааралық кең көлемде жалғасын тауып, жаңа нәтижелерге қол жеткіземіз деп сенеміз.

Балбалдардағы «ешір» («ашина») қаған әулеті таңбалары. «Номгон-2» ұрыптық кешенінің сыртқы қоршауы болды, оны айналдыра көк түсті гранит тастан жасалған балбалдармен қоршаған. Әзірге жердің бетінде жатқан балбалдардың саны 11 дана.

2019 жылғы алғашқы барлауда «Номгон-2» ұрыптық кешенінің қақпасынан шығысқа қарай 48 дана балбал тастардың тізбегі анықталған еді. Осылардың қатарындағы № 1, № 16 балбал тастардан «ешір» (ашина) қаған әулетінің таңбалары табылды. Бірлескен экспедицияның 2022 жылғы қазба жұмыстары барысында бітіктастың тасбақа тұғыры табылған сектордан тағы бір көлемді балбал анықталды. Бұл кешен құрамындағы ең үлкен әрі бірінші қойылған балбал. Балбалда «ешір» (ашина) қаған әулетінің таңбасы қашалған. Осы балбал таңбасының көлемі басқа балбалдарға қарағанда ірілігімен ерекшеленеді.

Жалпы анықталған балбалдар саны – 51 дана (5-сур.). Олардың қатарындағы бастапқы бес балбал мен № 16 балбалдан «ешір» (ашина) қаған әулетінің таңбалары анықталса, № 20 балбалға «ай» іспетті таңба қашалғаны белгілі болды (6-сур.). Барлық балбалдар құлаған қалпында жатыр. Кейбір балбалдар жерге көміліп, сынған, кейбіреулерінің шеті ғана көрінеді. Осы аталған балбалдардың 10 данасына «ешір» («ашина») қаған әулетінің таңбасы бейнеленгені анықталды.



1-сур. «Номгон-2» ұрыптық кешені. Күншығысқа қарай тізбектелген балбалдар.
Фотосурет: Н. Базылхандікі, 2023 ж.
Fig. 1. Nomgon-2 memorial complex. A chain of balbals oriented to the east.
Photo: N. Bazylkhan, 2023
Рис. 1. Поминальный комплекс «Номгон-2». Цепочка балбалов, ориентированная на восток.
Фото: Н. Базылхан, 2023 г.



2-сур. № 1 балбал. 2023 жылы қазба барысында табылған гранит тас. Өлшемі: 130–132×35×33 см.
Фотосурет: Н. Базылхандікі
Fig. 2. No. 1 Balbal. Granite found during excavations in 2023. Dimensions: 130–132×35×33 cm.
Photo: N. Bazylkhan
Рис. 2. Балбал №1. Гранит, выявленный в ходе раскопок в 2023 г. Размеры: 130–132×35×33 см.
Фото: Н. Базылхан



3-сур. № 2 балбал. 2022 жылы қазба барысында табылған гранит тас. Өлшемі: 232×21×21 см.
Фотосурет: Н. Базылхандікі
Fig. 3. No. 2 Balbal. Granite found during excavations in 2022. Dimensions: 232×21×21 cm.
Photo: N. Bazylkhan
Рис. 3. Балбал № 2. Гранит, найденный во время раскопок в 2022 г. Размеры: 232×21×21 см.
Фото: Н. Базылхан



4-сур. № 3 балбал. 2022 жылы қазба барысында табылған гранит тас. Өлшемі: 143×34×16 см.
Фотосурет: Н. Базылхандікі
Fig. 4. No. 3 Balbal. Granite found during excavations in 2022. Dimensions: 143×34×16 cm.
Photo: N. Bazylkhan
Рис. 4. Балбал № 3. Гранит, найденный во время раскопок в 2022 г. Размеры: 143×34×16 см.
Фото: Н. Базылхан



5-сур. Кешендегі балбал тізбектері. Дрон суреті, 2023 ж. Фотосурет: А. Энхтөрдікі
Fig. 5. Chain of balbals in the complex. Drone photo, 2023. Photo: A. Enkhtur
Рис. 5. Цепочка из балбалов в комплексе. Фото с дрона, 2023 г. Фото: А. Энхтур

2023 жылы шығыс секторы жағынан тағы 3 балбал (1–3-сур.) қазылып зерттелді, олардың да бетіне «ешір» (ашина) қаған әулетінің таңбасы қашалған.

№ 4 балбал. 2022 жылы қазба барысында табылған гранит тас. Өлшемі: 167×36×11 см.

№ 5 балбал. 2019 жылы қазба барысында табылған гранит тас. Өлшемі: 168×25×23–42 см.

№ 6 балбал. 2019 жылы қазба барысында анықталған гранит тас. Өлшемі: 139×27–33×13 см.

№ 7 балбал. 2019 жылы қазба барысында анықталған гранит тас. Өлшемі: 129×22×24 см.

№ 8 балбал. 2019 жылы қазба барысында анықталған гранит тас. Өлшемі: 132×25×14 см.




№ 19 балбал. 2023 жылы қазба барысында анықталған гранит тас. Өлшемі: 131×33×15 см.

№ 20 балбал. 2022 жылы барлау барысында анықталған гранит тас. Өлшемі: 160×32×14 см.

Аталмыш «Ешір» қаған әулетінің таңбалары Шивээт-улаан, Бичигт улаан хад, Өнгөт, Білге қаған, Күлтегін, Алтын тамған тархан, Ел етміш йабғұ, Тоглохын тал, Чойр, Қарабалғасұн-II, Хөшөө-Цайдам-2, Тайхар чулуу, Мухар, Өвөрхангай, Гурванмандал, Шатар чулуу, Хангидай, Дарви секілді ғұрыптық кешендерде, жартастарда [Самашев және т.б. 2010: 160–162] кездеседі (7-сур.).

Бұл «ешір» қаған таңбасы және оның кейбір түрлері белгілі қаған-тегін бекзадаларға арналған ғұрыптық кешендердің құрамдас бөліктерінің бәрінде кездеседі [Базылхан 2014: 125–135]. Біздің ойымызша, аталмыш қаған таңбасы бейнесінің құрылымы синкреттік семантиканы білдіреді. Осы орайда М.Довровицтің «Ашина тайпасының таңбасы жалы бар ат мойнына немесе қасқыр басына ұқсайды деген болжамын [Dovrovits 2004: 259], Р. Мөнхтулганың «**ešir // esir**>ешір» дегенді қытайша «ашина» деп оқыды деген ұсыныстарын [Мөнхтулга 2019: 633-636] біз толық қолдаймыз. Бұл таңбаның этимологиялық семантикасы «қыран құстың тұмсығы, қанаты, қасқырдың денесі мен аяқтары, киіктің (арқардың, таутекенің) мүйізі, сонымен қатар жылқының құйрығы» секілді синкреттік тұлғаларда бейнеленді және «**ešir // esir**>ешір, езір» (бөрү+құт>бүркіт) деген ежелгі атау тұлғасы да қатар қолданылды. Байырғы жаңғыртпасын былай қарастырдық: *bőrű// buγu// *qut+// qus+ //+at-> «бөрі, қасқыр+ бүркіт+бұғы+ ат, жылқы)» [Базылхан 2008:175].


Демек, «Номгон-2» ғұрыптық кешені № 1 балбалдағы қаған әулетінің таңбасы осы ежелгі синкреттік семантикалық тұлғалардан хабар беріп тұрғандай деп топшылаймыз.

Балбал нөмірі	Таңба сызбасы	Таңба өлшемі (см.)	Таңба мағынасы	Ұқсас таңбалар
№ 1		21x23	«Ешір» қаған әулеті	 -Бичигт улаан хад
№ 2		17,8x16	«Ешір» қаған әулеті	 -Білге қаған, Күлтегін кешені
№ 3		9x11	«Ешір» қаған әулеті	-//-
№ 4	Қазба жасалмады		«Ешір» қаған әулеті /?/	-//-
№ 5		8,2x4	«Ешір» қаған әулеті	-//-
№ 6		13,5x9,1	«Ешір» қаған әулеті	-//-
№ 7		9x11	«Ешір» қаған әулеті	-//-
№ 8		11,6x9,2	«Ешір» қаған әулеті	-//-
№19-1		14x11	«Ешір» қаған әулеті (?)	 - Білге қаған кешені балбалы  -Өнгөт
№19-2		8-10x4,5-5	Tatar,Qïtań (?)	?
№ 20		17x13,1	«Ешір» қаған әулеті	-//-

6-сур. «Номгон-2» ұрыптық кешені. 2019, 2022, 2023 жылдардағы қазба барысында анықталған балбалдардағы «Ешір» қаған әулетінің таңбалары. Орындаған: Н. Базылхан

Fig. 6. Nomgon-2 memorial complex. Tamgas of the Eshir Khagan dynasty on balbals discovered during excavations in 2019, 2022 and 2023. Performer: N. Bazylkhan

Рис. 6. Поминальный комплексе «Номгон-2». Тамги династии каганов «Эшир» на балбалах, обнаруженных при раскопках в 2019, 2022 и 2023 гг. Исполнитель: Н. Базылхан



7-сур. «Ешір» қаған әулетінің көне түрік қаған таңбасы («бөрі-бүркіт-арқар-жылқы» синкреттік семантикалы). Орындаған: Н. Базылхан

Fig. 7. Ancient Turkic Khagan tamga of the Eshir dynasty (with syncretic semantics “wolf-eagle-argali-horse”). Performer: N. Bazylkhan

Рис. 7. Древнетюркская каганская тамга династии «Эшир» (с синкретической семантикой «волк-орел-архар-конь»). Исполнитель: Н. Базылхан

ӘДЕБИЕТ

1 *Базылхан Н.* Эртний түрэг бичигт хөшөөд ба бичгийн дурсгалууд (эртний түрэг бичиг судлалын түүхэн сурвалжэх бичгийн судалгааны зарим асуудалд) // Монгол судлал (эрдэи шинжилгээний бичиг). Боть XXVIII (294). Улаанбаатар, 2008. С. 171–188.

2 *Базылхан Н.* Көне түріктердің этномәдени тарихи деректері (VI–IX ғғ.). Алматы: Дайк-Пресс, 2014. 276 с.

3 *Мөнхтулга Р.* Тоньюкукийн гэрэлт хөшөөний бичээсийн äšir хэмээх нэрийн түхай // Ази судлал. Олон улсын эрдэм шинжилгээний тавдугаар хурал. Vol. V. Ulaanbaatar, 2019. С. 633–637.

4 *Самашев З., Базылхан Н., Самашев С.* Көне түрік таңбалары. Древнетюркские тамги. Ancient Turkic tamga-signs. Алматы: «АБДИ Компани», 2010. 168 б.

5 *Энхтөр А., Дархан К., Напил Б., Нурболат Б., Буянхишиг Ц., Батболд Г., Далантай С.* Кутлуг хааны тахилын онгон цогцолбор, гэрэлт хөшөө // Археологийн судлал. Studia Archaeologica. Tomus XLI, Fasciculus 7. Улаанбаатар, 2022. С. 69–86.

6 *Dovrovits M.* The Thirty Tribes of the Turks // Acta Orientalia Academiae Scientiarum Hungaricae. 2004. Vol. 57 (3). Pp. 257–262.

REFERENCES

1 Bazylkhan, N. 2008. In: *Mongolian studies (early analysis).* Ulaanbaatar. Vol. XXVIII (294), 171–188 (in Mongolian).

2 Bazylkhan, N. 2014. *Köne türkilerdiñ étnomädenï tarïxï derekteri (VI–IX ğğ.) (Ethno-cultural historical sources of ancient Turks (6th–9th centuries).* Almaty: “Daik-Press” Publ. (in Kazakh).

3 Mönkhtulga, R. 2019. In: *Azi sudlal (Fifth international academic conference).* Vol. V. Ulaanbaatar, 633–637 (in Mongolian).

4 Samaşev, Z., Bazılxan, N., Samaşev, S. 2010. *Ancient Turkic tamga-signs.* Almaty: ABDI Company (in Kazakh, Russian, English),

5 Enkhtor, A., Darkhan, K., Napil, B., Nurbolat, B., Buyankhishig, T., Batbold, G., Dalantay, S. 2022. In: *Archeological study. Studia Archaeologica.* Vol. XLI, Fasciculus 7. Ulaanbaatar, 69–86 (in Mongolian).

6 Dovrovits, M. 2004. In: *Acta Orientalia Academiae Scientiarum Hungaricae,* 57 (3), 257–262 (in English).

About the Authors

Bazylkhan Napil – Candidate of Philological sciences, Senior expert of the Science Department, Turkic Academy, Astana, Kazakhstan.
ORCID: 0000-0001-7231-1201 E-mail: napilbaz@gmail.com

Altangerel Enkhtor – Doctor of History, Professor, Head of the Middle Ages Department, Institute of Archaeology, Ulaanbaatar, Mongolia.
ORCID: 0000-0001-5329-6659 E-mail: aenkhtur2001n@gmail.com

Авторлар туралы мәліметтер

Базылхан Напил – филология ғылымдарының кандидаты, Түркі академиясы Ғылым бөлімінің аға сарапшысы, Астана қ., Қазақстан

Алтангэрэл Энхтөр – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Орта ғасыр бөлімінің меңгерушісі, Археология институты, Ұланбатыр қ., Моңғолия

Сведения об авторе

Базылхан Напил – кандидат филологических наук, старший эксперт отдела науки, Тюркская академия, г. Астана, Казахстан

Алтангэрэл Энхтор – доктор исторических наук, профессор, заведующий отделом Средневековья, Институт археологии, г. Улан-Батор, Монголия

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. /
Раскрытие информации о конфликте интересов. Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов. /
Disclosure of conflict of interest information. The authors claim no conflict of interest.
Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 19.03.2024.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 19.04.2024.
Авторлар жұмысқа бірдей үлес қосты. / Авторы внесли равноценный вклад в работу. /
The authors have made an equal contribution to the work.